

К.Ш. Алимгазинов , **М.Т. Шотаев*** 

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: makekuzya@mail.ru

ПБЖП ЛЮБЛИН ВОЕВОДАЛЫҚ ПАРТИЯЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ: САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КОКП -ның қолдауымен Польшадағы билік партиясына айналған ПБЖП партиясының воеводалық архивтерінің құрылуы, қызметі және оларда сақтаулы құжаттар құрамы туралы баяндалады. Соның ішінде сол кезеңде Польшада үлкен қоғамдық беделге ие болған католик шіркеуінің қызметімен күресуге бағытталған партиялық комитеттегі діни бөлімнің құжаттарының тарихи құндылығы сипатталады. Люблин воеводалық партиялық архивіндегі құжаттар құндылығын сараптау, құпия құжат түрлері, мемлекеттік және партиялық құпияны сақтауға бағытталған шаралар қарастырылады. Сонымен бірге воеводалық партиялық архивтерде әр түрлі кезеңдегі архивтік құжаттардың зерттеушілерге қолжетімділік деңгейі мен жұмыс жасаған зерттеушілер саны мен құрамы туралы ақпарат келтіріледі. Воевода партиялық комитеттерінің архивтері жұмысын реттейтін нормативтік ұйымдастырушылық базасы сипатталады. Воеводалық партия комитеттері жұмысындағы мемлекеттік және партиялық құпияны қорғау мәселесі қарастырылады. 1990 жылы ПБЖП өз жұмысын тоқтатқаннан кейінгі партиялық құжаттардың мемлекеттік сақтауға өткізу процессіндегі қиыншылықтар мен тарихи маңызы бар партиялық құжаттардың жойылу фактілері сипатталады. Ерекше маңызы бар құпия құжаттарға Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қорында сақтаулы «ерекше папкалар» құжаттарымен салыстырмалы талдау жасалады.

Түйін сөздер: воевод комитеті, Люблин, Поляк Жұмысшылар Партиясы, Поляк Социалистік Партиясы, Поляк Біріккен Жұмысшылар Партиясы, партиялық құжаттар, воеводалық партиялық архивтер.

K.Sh. Alimgazinov, M.T. Shotayev*

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: makekuzya@mail.ru

Party documents of the Lublin Voivodship Party Committee of the PZPR: features of storage and USE

The article describes the creation, activities and composition of documents kept in the voivodship archives of the PZPR party, which became the ruling party in Poland after World War II with the support of the Communist Party of the Soviet Union. Among them, the historical value of the documents of the religious section of the party committee, which was aimed at combating the activities of the Catholic Church, which at that time received great public authority in Poland, is described. The assessment of the value of documents of the Lublin Voivodship Party Archive, types of confidential documents, measures aimed at preserving state and party secrets are considered. The assessment of the value of documents, types of confidential documents, measures aimed at preserving the state and party secrets of the Lublin Voivodship Party Archive are considered. At the same time, information is provided on the level of access of researchers to archival documents, the number and composition of researchers who worked in the party archives of voivodships in different periods. The normative organizational base regulating the work of the archives of the party committees of the voivodship is described. The issue of protection of state and party secrets in the work of voivodship party committees is considered. It describes the difficulties in the process of transferring party documents to state storage after the PZPP was terminated in 1990 and the facts of the destruction of party documents of historical significance. A comparative analysis of secret documents of special importance with documents of "special folders" stored in the fund of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan was carried out.

Key words: voivodship committee, Lublin, Polish Workers' Party, Polish Socialist Party, Polish United Workers' Party, party documents, voivodship party archives.

К.Ш. Алимгазинов, М.Т. Шотаев*

Архив Президента Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: makekuzya@mail.ru

Партийные документы Люблинского воеводского партийного комитета ПОРП: особенности хранения и использования

В статье описывается создание, деятельность ПОРП и состав документов, хранящихся в воеводских архивах партии, которая стала правящей партией в Польше после Второй мировой войны при поддержке Коммунистической партии Советского Союза. Среди них описывается историческая ценность документов религиозной секции парткома, которая была направлена на борьбу с деятельностью католической церкви, получившей в то время в Польше большой общественный авторитет. Рассмотрены оценка ценности документов, виды конфиденциальных документов, меры направленные на сохранение государственной и партийной тайны Люблинского воеводского партийного архива. В то же время предоставляется информация об уровне доступа исследователей к архивным документам, количестве и составе работавших исследователей в партийных архивах воеводств в разные периоды. Описана нормативная организационная база, регулирующая работу архивов партийных комитетов воеводства. Рассматривается вопрос защиты государственной и партийной тайны в работе воеводских партийных комитетов. Описываются трудности в процессе передачи партийных документов на государственное хранение после прекращения ПОРП в 1990 году и факты уничтожения партийных документов, имеющих историческое значение. Проведен сравнительный анализ секретных документов особой важности с документами «особых папок», хранящихся в фонде ЦК Коммунистической партии Казахстана Архива Президента Республики Казахстан.

Ключевые слова: воеводский комитет, Люблин, Польская рабочая партия, Польская социалистическая партия, Польская объединенная рабочая партия, партийные документы, воеводские партийные архивы.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен одақтастар неміс басқыншыларынан азат етілген жерде өз үстемдігін немесе ықпалын сақтап қалуға тырысты. Сондай мақсатпен Кеңестер Одағы да азат етілген мемлекеттерде коммунизмді дәріптеп, жергілікті коммунистерге қолдау көрсету және материалдық-қаржылай көмек беру арқылы Шығыс Европа мемлекеттерінде өз ықпалын сақтап қалды. Сондай мемлекеттің бірі Польша мемлекеті еді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін билікке келген ПБЖП партиясы қызметі нәтижесінде түзілген құжаттар поляк архив мұрасының бір бөлігін құрайды. Соғыстан кейінгі кезеңде партиялық архив қорының құрыла басталуын 1945 жылы Поляк Жұмысшылар Партиясы (ПЖП) мен Поляк Социалистік Партиясы (ПСП) орталық және жергілікті архив мекемелерін ұйымдастырған кезге жатқызуға болады. Бұл алғашқы архивтер екі дүниежүзілік соғыстар арасындағы жиырма жылдық және әскери оккупация кезеңіндегі жергілікті комитеттердің қызметі нәтижесінде шашыраңқы және фрагменттік сипатта пайда болған құжаттар кешендерін, баспа материалдары мен мерзімді

басылымдарды сақтауда белгілі рөл атқарды. Партиялардың бірігуі нәтижесінде олардың воевод комитеттері құрамындағы архив бөлімдері де бірікті, ал Орталық Комитеттің (ОК) Партия Тарихы бөлімі құрамында құрылған архив, Поляк Біріккен Жұмысшылар Партиясы (ПБЖП) Орталық Комитетінің архиві болып, кейіннен 1971 жылғы наурыздан бастап ОК бөлімі мәртебесін алды (Хмель, 1995: 93).

Материалдар мен әдістер

Мақалада 90 жылдардың басында КСРО-ның ыдырауына байланысты посткеңестік және Шығыс және Орталық Европа мемлекеттерінде бұрын Ұлттық архив қорының құрамына енген партиялық архивтер құжаттарын мемлекеттік архивтерге интеграциялау, құпиясыздандыру, сақтау және пайдалану мәселелеріне арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары пайдаланылды.

Конференцияға қатысушылар тоталитарлық жүйені зерттеуде өте құнды болып табылатын бұрынғы коммунистік партияның архивтік құжаттарын ғылыми айналымға енгізу қажеттілігін атап өтті. Сонымен бірге тарихшылар мен архивистердің бұл құжаттар туралы терең

және жан-жақты біліміне арқа сүйей отырып бұрынғы коммунистік партия құжаттарының айтарлықтай толық еместігі, ондағы берілген ақпараттың шынайы жағдаймен сәйкес келмеуі және көп жағдайда маңызды оқиғалар туралы ақпараттың жетіспеушілігі назарға алынды. Бұл құжаттарды толық ғылыми айналымға енгізу алдында оларды басқа архивтердегі құжаттармен салыстыра отырып терең деректанулық талдау қажеттілігіне баса назар аудару ұсынылды. Сондай-ақ конференция қатысушылары бұрынғы коммунистік партияның архивтік құжаттарын үстірт, субъективті саяси үгіт-насихат мақсатында қолданудан аулақ болуға шақырды.

Сонымен бірге Польша мемлекетіндегі Люблин воеводалық партиялық архив құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау комиссиясы мүшесі болған профессор Януш Лосовскийдің, Люблин воеводалық партиялық құжаттарын зерттеумен айналысып жүрген Томас Чарнотаның, Дариуш Магиердің, Александра Хмельдің, Дариуш Мательский еңбектері қарастырылды. Сондай-ақ Люблин воеводалық мемлекеттік архиві қорларында сақтаулы ПБЖП құжаттары пайдаланылды.

Януш Лосовский Воеводалық партия комитетінің «Бұқаралық ұйымдар бөлімі» құжаттарына шіркеуге қарсы бағытталған әрекеттерінің куәсі ретінде баға бере отырып, олардағы ақпараттың шынайылығына деректанулық талдау қажеттігін ескерте отырып олардың классификациясын ұсынады (Януш Лосовский, 1995).

Томас Чарнота өз еңбегінде ПБЖП Люблин воеводалық комитеті архивіндегі партиялық құжаттардың әр түрлі кезеңдердегі қолжетімділігін, архивте жұмыс жасаған зерттеушілердің құрамы мен санына салыстырмалы талдау жасайды (Charnota, 2019:276).

Александра Хмель өз кезегінде ПБЖП Орталық Комитеті мен воеводалық архивтерінің қалыптасуын сипаттай келе, олардың құрылымы мен қызметіне баға беріп өтеді (Александра Хмель, 1995).

Дариуш Магиер мен Дариуш Мательский Подляк және Познань ПБЖП воеводалық архивтеріндегі партиялық құжаттардың құрамы мен сақталу деңгейіне баса назар аударып, ондағы архивтік қорларға сипаттама беріп өтеді (Дариуш Мательский, 1995).

Ғалымдардың еңбектері мен архивтік құжаттарға контент-талдау әдісін пайдалана отырып және нәтижелерді Қазақстан Республикасы Президенті Архиві қорларында сақтаулы

Қазақстан Компартиясы құжаттарымен салыстыра отырып ғылыми қорытынды жасалды.

Нәтижелер мен талдаулар

Бұл кезеңде ПБЖП жергілікті архивтер жүйесі құжаттар құрамы ауыспалы архив режимінде жұмыс істеді, содан кейін құжаттар құрамы тұрақты воевод комитеттерінің архиві ретінде қайта құрылды.

Архив қорларының көлемі үнемі ұлғая түскенімен, басымдық хронологиялық шектері бойынша екі топқа бөлінген ПБЖП қызметінде пайда болған құжаттардың жағында қалды:

1. Воевод комитеттерінің бұрынғы архивтерінде сақталған – 1975 жылға дейінгі кезеңнің құжаттары.

2. Воевод комитеттерінің барлық архивтерінде сақталған – 1975 жылдан кейінгі кезеңнің құжаттары.

ПБЖП билікте болған бүкіл уақыт ішінде (1948-1990) Варшавадағы ПБЖП ОК жанындағы Орталық Архивке бағынышты болған, воеводство деңгейіндегі партиялық архивтер жұмыс істеді.

1975 жылы елдің әкімшілік – аумақтық бөлінісі реформалағаннан кейін воевод архивтерінің саны 17-ден 49-ға дейін өсті. ПБЖП воевод комитеттерінің жаңадан 32 архивінің құрылуына байланысты архивтер санының артуы, сол кездің өзінде жұмыс істеп жатқан 17 архив қорларының бөлінуіне әкеп соқпады, жаңадан құрылған архивтер тек 1975 жылдың шілдесінен кейін пайда болатын архивтік құжаттарды жинақтайды деген шешім қабылданды. Бұл 1945-1948 жылдардағы ПЖП және ПСП, сондай-ақ 1948-1975 жылдардағы ПБЖП тарихи архивтік қорларын жасанды бөлінуден құтқарды (Мательский, 1995: 43).

ПБЖП воевод комитеттерінің архивтері партия аппаратының, әдетте, үгіт-насихат бөлімдерінің ажырамас бөлігі болды. Олардың басшылары ұйымдастырушылық – әдістемелік басшылық және олардың қызметін бақылау функциясын атқаратын Орталық Комитеттің Орталық архивінің ұсынысымен тағайындалды. Алайда партия архивтерін Ұлттық архив желісі бақыламады. Олар алғашында актілердің репозиторийлері ретінде жұмыс жасаған, ал 1955 жылдан бастап оларды ПБЖП воевод комитеттерінің үгіт-насихат бөлімдері басқарды, содан кейін ПБЖП құрылымдары жасаған құжаттаманы сақтау мақсатында партияның вое-

вод комитеттерінің архивіне айналды. Кейіннен партия архивтері: ПБЖП ОК жанындағы Партия тарихы институты, ПБЖП ОК архивтері, ал 1971 жылдан бастап ПБЖП ОК Орталық архиві басқарды. Воеводск комитеттерінде архивтерімен бірге өз ережелері, қызметкерлері және архивтік әдіснамасы бар архивтер желісі құрылды.

Воеводск комитеттерінің архивтері тек соғыстан кейінгі кезеңдегі құжаттармен толықтырылды. Олардың қорына тіркеу материалдары, сондай-ақ партиялық баспа, бейнелеу, мемуарлық, өмірбаяндық материалдар мен дыбыс жазбалары кірді. Материалдардың басым бөлігі ПЖП және ПБЖП қызметіне, содан кейін басқаруға қатысатын партияларға тиесілі еді. Партиялық құжаттарда сол кездегі саяси, экономикалық және мәдени өмір бейнеленеді. Бұл құжаттар партияның қызметін ғана көрсетіп қоймай, олардың Халықтық Польша құрылысындағы ролін және олардың ұйымдастырушылық дамуының куәсі болып табылады. Құжаттарды келесі топтарға бөлуге болады:

– Партия органдары мен партия аппараты қызметінің нәтижесінде пайда болған құжаттар. Бұл есеп беру – сайлау конференцияларының, пленарлық отырыстардың, партия бюроларының, хатшылықтың және бөлімдердің құжаттары.

– ПБЖП Орталық Комитетінен, қалалық, аудандық комитеттерінен қызметтік тәртіппен алынған құжаттар.

– Мемлекеттік, өзін-өзі басқару және экономикалық мекемелерден немесе қоғамдық-саяси, жастар және кәсіподақ ұйымдарынан бағалау немесе ақпарат алу үшін алынған құжаттар.

1948-1949 ж.ж. оппозициялық партиялардың таратылуынан кейін қоғамдық өмірдің барлық салаларын баяу, бірақ батыл бағындыра бастаған ПБЖП үстемдігі нығайа түсті. Тек католик шіркеуі бұл бақылауға бағынбай, оппозицияны «алмастырушы» ролін атқарады. 1949-1956 жылдары қоғамда сөзсіз беделге ие және мемлекеттік билікке бағынбайтын католик шіркеуімен ашық күреспен ерекшеленді. Шіркеумен күресу үшін нығайып келе жатқан тоталитарлық мемлекеттің барлық күштері, яғни мемлекеттік қауіпсіздік органдары, мемлекеттік әкімшілік, саяси және қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ аз дәрежеде болса да мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар жұмылдырылды. Бұл процесті басынан бастап ПБЖП басқарды, оның басшылығында діни секторға жауапты Орталық Комитеттің хатшысы және оған қарасты хатшылық болды. 1953

жылы наурызда одан бөлек ұяшық «Бұқаралық ұйымдар бөлімі» бөлініп шықты. Екі жылдан кейін атауы «Жекелеген ұйымдар секторына» өзгертілді. Воеводство деңгейінде ұқсас рөлді «бұқаралық ұйымдардың секторлары» атқарды, кейінірек олар партияның воеводтық комитеттерінің құрылымында қалған «жекелеген ұйымдардың секторларына» айналды (Лосовски, 1995: 39).

Осы бөлімдердің сақталған құжаттамасы шіркеуге қарсы қолданылған репрессия құралдардың кең ауқымын анықтайды. Ол катехизмді оқытуды шектеуге бағытталған әр түрлі әкімшілік шараларды, негізінен құдай заңының мұғалімдеріне берілетін катехизмді оқытуға рұқсат санын жүйелі түрде азайту арқылы жүзеге асырылғанын толық көрсетеді. Мектеп өмірінің діни элементтеріне қарсы шешуші күрес жүргізілді, кресттер алынып тасталды, таңертеңгі дұға жойылды. Құжаттардың мазмұнын талдау мектептің зайырлық сипатындағы кең таралған ұран дінге қарсы жасырын күрес үшін қалқан ретінде қызмет еткеніне күмән келтірмейді.

80-ші жылдары ПБЖП-ның басымдық ықпалын шіркеу мен «БІнтымақтастық» айнала-сында да өсіп келе жатқан оппозиция бұзады.

Әдетте, партиялық архивтердің жетекші құрамы жоғары, негізінен тарихи білімімен ерекшеленді. Архив қорлары орналасқан барлық ғимараттар тиісті талаптарды қанағаттандырмаса да, материалдық базасы қанағаттанарлық деп есептеуге болады. 1980 жылдан бастап «ПБЖП архиві» мерзімді журналы шығарылды, оның беттерінде жұмыс тәжірибесімен алмасу, ғылыми және архивтік мәселелерді талқылау туралы жарияланымдар басылды.

Архивтер жұмысының негізгі бағыттары мен функциялары саяси бюроның және ПБЖП ОК Хатшылығының қаулыларымен анықталды, олардың жұмыс істеуінің нормативтік – ұйымдастырушылық базасы болып табылды.

Партия басшылығының қаулысы мен шешімі негізінде 1969 жылы шығарылған және 1976 жылы қайта бекітілген «ПБЖП ОК Орталық архивінің воевод комитеттері архивтерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулары» әзірленді. Бұл нұсқаулық 1986 жылы толықтыруларымен қайта бекітілді.

Воевода партиялық комитеттерінің архивтері жұмыс істейтін әдістемеліктер негізінен мемлекеттік архив қызметінде қолданылатын нормативтік-әдістемелік стандарттарды ескере отырып жасалды. Олар партия қорларының құрамы

мен мазмұнының ерекшеліктеріне, сондай-ақ партия құрылымының ажырамас бөлігі ретінде партия архивтерінің жұмысын ұйымдастырудың айырмашылықтарына сәйкес өзгертілді.

Қорларды қалыптастырудағы жетекші рөл орталық архивке және оның аясында жұмыс істейтін әдістемелік комиссияға тиесілі болды, оның құрамына воевод комитеттері архивтерінің өкілдері де кірді. Воеводск комитеттерінің архивтері практикада қолданған негізгі нормативтік және ұйымдастырушылық әдістемелік база олардың үздіксіз жұмыс істеуін және алға қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете отырып тиімділігін көрсетті. Статистикалық және жиынтық құжаттарды, сондай-ақ ПБЖП ОК Орталық архивінің қадағалау бөлімшесі мен Орталық тексеру комиссиясы жүргізген тексерулер бойынша есептерді талдау партиядағы архив ісіне баға беріліп, практикалық қорытындылар жасалуына негіз болды. Архивтердің күнделікті жұмысында олардың қызметкерлері мен Орталық бақылау қызметкерлері көптеген қиындықтарға тап болды. Әсіресе, іс қағаздарын жүргізуде көптеген партиялық органдардың ерекшеленуі айтарлықтай қиындықтар туғызды, бұл мәселе бойынша негізгі құжаттар болмады.

1982 жылдың желтоқсанында партия басшылығы ғылыми орта және архив мамандары берген сыни бағалау негізінде партиялық құжаттамаға қатысты маңызды шешім қабылдады: ОК Хатшылығының ПБЖП комитеттері мен инстанцияларының қызметін құжаттандыру жөніндегі нұсқаулығы, сондай-ақ тиісті атқарушылық құжаттарды (типтік тізбелер, жарғылар, ПКП ОК Орталық мұрағатының нұсқаулары) бекітті (APL. KW PZPR (II) w Lubline (1267), sygn. 1581. Str. 14-17).

Нұсқаулыққа сәйкес партия ұйымдары қызметін құжаттау партияның барлық буындарының міндеті болып табылады. Құжаттаманың жайкүйі, оны қалыптастыру, қамтамасыз ету және архивке тапсыру үшін воевод комитеттерінің жауапты басшылары, 1-ші хатшы және воевод комитетінің басқа хатшылары жауапты болып табылады.

Орталық архив және воевод комитеттерінің архивтері кеңседен тұрақты және уақытша сақтау мерзімі бар құжаттаманы қабылдайды және партияның тарихын одан әрі зерделеу үшін сақталуын қамтамасыз етеді.

Құжаттар маңыздылығы бойынша А санатына, яғни тұрақты сақтау мерзіміне және В

санатына уақытша сақтау мерзіміне бөлінеді. А санатындағы құжаттар үш жыл өткеннен кейін архивке, ал В санатындағы құжаттар мұрағатпен келісілген мерзімде тапсырылуы тиіс. Құжаттар архивке тізімдеме негізінде тапсырылады. Архив кеңседен мемлекеттік сақтауға құжаттарды ретке келтірілген түрде қабылдайды:

– құжаттар әрбір істің ішінде хронологиялық тәртіппен жинақталған және істер папка ішінде хронологиялық тәртіппен жинақталған болуы тиіс;

– папканың жоғарғы бетінде бөлімнің атауы / құжаттың атауы / құжаттың санаты, папканың басталу және аяқталу күні көрсетіледі;

– әр папкада ондағы істердің тізімі болуы керек.

Архивке тапсырылған құжаттарға оларға қатысты фотосуреттер, графиктер, картотекалар, карталар және т.б. қоса беріледі.

Партия комитеттері мен ұйымдары баспасөз және ішкі басылымдарды екі данада архивке өткізуге міндетті.

Партия комитеттері мен ұйымдарында мұрағаттық құжаттаманы сараптау істер тізімдемесінің құрылымдық-материалдық негізінде жүргізіледі. Бұл тізімдеме тарихи құндылықты – құжаттар тобын анықтауды және оларды жүйелеуді қамтиды және партиялық құжаттамаға жауапты адамдар үшін басшылық принциптерді қамтамасыз етеді. Құжаттар тізімдемесінде тарихи құжаттардың мәнін білдіретін мынадай символдар пайдаланылады:

А – партия архивіне тұрақты сақтауға өткізілетін, тарихи құндылығы бар құжаттар;

ВЕ – партия архиві оларды қабылдағаннан кейін мәнін анықтайтын және тиісті шешім қабылдайтын құжаттар;

В5, В50 – көрсетілген уақыт өткеннен кейін тиісті партия архивінің келісімінсіз жойылуы мүмкін мерзімді маңызы бар құжаттар;

ВС – тұрақты маңызы жоқ, оларды ағымдағы ұйымдастыру және саяси жұмыс үшін пайдаланғаннан немесе хабарламаны қабылдағаннан кейін партияның тиісті архивінің келісімінсіз жойылуы мүмкін құжаттар.

Осы символдарды пайдалана отырып істер номенклатурасындағы құжаттардың санатын белгілейді. Істер номенклатурасындағы партиялық құжаттардың сақталу мерзімін басшылыққа ала отырып құжаттар архивке қабылданады. Төменде ПБЖП құжаттарын санаттаудың воеводалық тізіміне назар аударсақ тұрақты сақтау мерзімі бар құжаттардың басымдылығын байқауға болады.

– Воеводесептік сайлау конференцияларының стенограммалары мен хаттамалары (қосымшаларымен бірге) А;

– ВК жалпы отырыстарының стенограммалары мен хаттамалары (қосымшаларымен бірге) А;

– ВРК және оның төралқа отырыстарының хаттамалары А;

– ВРК бақылау материалдары мен хаттамалары А;

– ВТКП және оның төралқа отырыстарының хаттамалары А;

– ВТКП қаулыларының хаттамалары В50;

– ВТКП юриспруденциясына жататын ПБЖП мүшелерінің жеке досьелері В50;

– ВТКП баяндамалары мен статистикалық есептері А;

– ПБЖП ВК атқарушы органдарының хаттамалары мен ақпараттық материалдары А;

– ВК ПБЖП хатшылықтары отырыстарының хаттамалары қосымшаларымен бірге А;

– ВК ПБЖП проблемалық комиссиялары отырысының хаттамалары А;

– ВК воеводтық атқарушы билік орындарымен бірлескен отырыстарының хаттамалары А.

Воевод комитеті істер номенклатурасына сәйкес екі тармақтан басқа барлық құжаттар тұрақты сақталуға жатады.

Сонымен бірге Люблин воеводалық комитетіндегі мемлекеттік және партиялық құпияны сақтау шаралары қарастырылады. Воеводалық комитетте мемлекеттік және партиялық құпияны сақтау туралы нұсқаулық дайындалып бекітілді (APL. KW PZPR (II) w Lubline (1267), sygn. 4173. Str. 5-10.).

Осы нұсқаулыққа сәйкес, партиялық және мемлекеттік құпияны қамтамасыз ету атқаратын қызметіне қарамастан воевод комитетінің әр қызметкерінің міндеті болды. Құпиялылық негізінен партиялық аппараттың жабық режимде жұмыс жасауымен қамтамасыз етілді. Мерзімінен бұрын ашылуы партиялық ұйым мен саяси арандатушылыққа алып келтіруі мүмкін шешімдердің жобалары, құжаттар және олардағы хабарламалар ақпараттың жария болуына қарсы нақты шаралар қажет болды. Осыған байланысты ВК хатшылығының шешімімен ВК 1-хатшысы кеңсесінің жанынан барлық бөлімдер мен басқармаларға қызмет көрсету үшін құпия кеңсе құрылды. Құпия кеңседе көзделген іс-әрекеттерді кеңсе басшысы және ВК 1-хатшысы жүзеге асырады.

ВК аппаратының қызметкерлердің жұмыс барысында түзілген немесе осы әрекеттерге бай-

ланысты алған кез-келген хабарламалары рұқсат етілмеген адамдарға берген жағдайда партияның немесе басқа да маңызды саяси мүдделерге қауіп төндіретін болса партиялық және мемлекеттік құпия болып табылады. Нұсқаулыққа сәйкес ВК қызметкерлері мынадай қауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті болды:

– құпия емес хат алмасуда және қалалық телефон желісі бойынша сөйлесулерде құпия немесе конфиденциалды хабарламалардан тұратын құжаттардың немесе басқа материалдардың мазмұнын таратпауға;

– жеке сөйлесулерде, жеке хат алмасуларда немесе көпшілік орындарда сөз сөйлегенде құпия немесе конфиденциалды сипаттағы құжаттарға сілтеме жасамауға;

– «ерекше маңызы бар құпия» немесе «құпия» болып табылатын құжаттарды тек қызметтік бөлмелерде ғана әзірлеуге;

– «конфиденциалды» деген грифі бар құжаттарды жекелеген жағдайларда ғана қызметтік жайдан тыс жерде бастықтың рұқсатымен әзірлеуге;

– тиісті қауіпсіздік шараларынсыз құжаттарды немесе басқа материалдарды қызметтік бөлмелерде қалдырмауға;

– партиялық немесе мемлекеттік құпияға жататын құжаттың жоғалғаны немесе құпияны қорғау ережелерінің бұзылуы туралы факті анықталған жағдайда бөлім меңгерушісіне, кеңсе бастығына және ВК 1-ші хатшысына дереу хабарлауға;

– партиялық және мемлекеттік құпияны басқа жұмысқа немесе зейнеткерлікке ауысқаннан кейін де сақтауға.

Кадр бөлімінің жетекшісі құпиялық ережелерін білмейтін қызметкерлерді, жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерді партиялық және мемлекеттік құпияны қорғау туралы ережелерімен мазмұнымен таныстыруға және танысу фактісін құжаттауға міндетті.

Құпия құжаттар авторына, мазмұнына байланысты «ерекше маңызы бар құпия», «құпия», «конфиденциально», «ішкі пайдалану үшін» болып төрт түрлі санатқа бөлінеді:

– «ерекше маңызы бар құпия» – Польша Халық Республикасының қорғанысы немесе қауіпсіздігі үшін маңызды ақпарат;

– «құпия» – жариялануы ПХР әлеуметтік, экономикалық немесе саяси мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін ақпарат;

– «конфиденциально» – ВК аппараты мен далалық партия инстанциялары қызметкерлері-

нің пайдалануына арналған қызметтік құпия болып табылатын ақпарат;

– «ішкі пайдалану үшін» – партия белсенділері мен партия мүшелері пайдалануға арналған ақпарат.

ВК-да жасалатын партиялық немесе мемлекеттік құпияны қамтитын құжаттар мен басқа да материалдардың дұрыс санатталуына ВК хатшылары жауапты болады.

Атқарушы органдар мен ВК хатшылығы қаулыларының жобалары және осы жобалар бойынша басқа да материалдар мен кадрлық сұрау салулар номенклатураға сәйкес органдарға қарау үшін жіберіледі, егер оларға «ерекше маңызы бар құпия» немесе «құпия» белгісі қойылмаса, қаралғанға дейін «конфиденциалды» болып табылады.

Атқарушы орган немесе ВК хатшылығы қараған немесе қабылдаған құжаттарға қатысты құпиялық белгісін, құжат кімнің тапсырмасы бойынша енгізілген болса сол органдар немесе басшылық айқындайды.

ВК-не жіберілген құпия құжаттарға немесе басқа материалға жөнелтуші қойған белгі қолданылады. Белгі қате қолданылған жағдайда ВК 1-ші хатшысының келісімі бойынша кеңсе басшысы өзгертуі мүмкін.

Сонымен бірге ВК ПОПР құпия кеңсесінің жұмысы және құпия құжаттардың айналымы туралы нұсқаулық жасалды (APL. KW PZPR (II) w Lubline (1267), sygn. 637. Str. 1-5).

Бұл нұсқаулықта құпия құжаттардың жасалуы, қабылдануы, жөнелтілуі, өңделуі, сақталуы, пайдаланылуы туралы нақты ақпарат берілген.

Жоғарыда аталған актілер архивтің барлық қызметі үшін маңызды болды, олар белсенді түрде іске асырыла бастады. Нәтижесінде партиялық құжаттаманың сақталу деңгейі мен жай-күйі едәуір жақсарды, бірақ қабылданған реформаны толық жүзеге асыру ұйымдастырушылық сипаттағы көптеген шараларды қажет етті. Архившілер үміт артқан жаңа бастамалар іс жүзінде толық дәрежеде орындалмады.

Воевода комитеттерінің архивтері партия мен оның аппаратының ағымдағы жұмысын қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулерге пайдалану, жұмысшылар қозғалысының тарихы бойынша дереккөздерді көпшілікке насихаттау мақсатында архивтік құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалануды ұйымдастыру функцияларын атқарды. Архив жұмысының бір түрі үзінділер мен құжаттардың көшірмелерін жасау, архивтік анықтамалар беру, ғылыми

мақалалар мен архивтік құжаттарды жариялау болды. Дегенмен коммунистік партия билік жүргізген мемлекеттерге тән Люблиндегі ВКА-де де архивтік құжаттарға қолжетімділікті шектеу мәселесі өткір тұрды. Мемлекеттің саяси ұстанымын сол елдегі архив қызметінің алдына қойған мақсаттарынан аңғаруға болады. Жоғарыда айтылғандай ПБЖП архив құжаттарына қолжетімділік, басқа қызметтері сияқты партия басшылығымен реттелетін. Олардың шешімдері осы салада толық немесе ішінара қарар, жолсілтеме, нұсқаулық және реттеуші ретінде қолданылды. Архив материалдарын қолжетімді ету мәселесін реттейтін нормативтік актілер архивтің басқа қызмет түрлеріне арналған реттеуші нормативтік актілермен салыстырғанда өте аз. Бұл жай ғана сәйкестік емес маңыздылығы жағынан басқа архивтік жұмыстарға арналған нормативтік актілермен салыстырғандағы нәтиже. Архив материалдарын қолжетімді етуге қатысты кейбір нормативтік актілер базалық немесе жалпы сипатта болса, архив материалдарын пайдаланудың басқа түрлеріне арналған нормативтік актілерде әрбір әрекет егжей-тегжейлі және толығырақ қарастырылған (Charnota, 2019: 276).

ПБЖП архивтерінің міндеттері мен құрылымын анықтайтын 1972 жылғы құжатта көрсетілгендей архивтік ресурстар партияның қажеттіліктеріне, мемлекет пен азаматтарға, сонымен бірге ғылымды, мәдениетті дамытуға және ұлттық экономикаға қызмет етуі керек.

Бұл құжатта архив құжаттарын пайдалануда партия қажеттіліктері бірінші орында көрсетіледі.

Бұл мәселе бұдан кейінгі жылдары да дәл осы жағдайда қала берді, 1976 жылғы ВКА-не құжаттарды қабылдау, өңдеу және сақтау туралы инструкцияда архивтік ресурстар партиялық органдар мен аппаратының, басқармалары мен мекемелердің, сонымен бірге ғылыми – зерттеулерде пайдаланылуы керек деп көрсетіледі (APL. KW PZPR (II) w Lubline (1267), sygn. 4292. Str. 77-82). Тек 1984 жылғы ПБЖП Орталық Комитеті Саяси бюро ПЖП, ПСП және басқа жұмысшы партиялары мен қоғамдық ұйымдардың құжаттарын ғылыми – зерттеу жұмыстарына, насихат жұмыстарына сонымен бірге идеологиялық оқу ұйымдастыру жұмыстарына пайдалану туралы шешімі партиялық архив құжаттарын пайдаланудағы едәуір алға қадам болып табылады (APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4284, sheets 1–23). Бұл нұсқаулықтың алдыңғы

нұсқаулықтардан айырмашылығы ғылыми – зерттеу қажеттіліктерінің тізімнің алдыңғы қатарына шығуы болып табылады.

ВК-нің құжаттама бөлімінің құжаттарын пайдалану туралы 1949 жылғы нұсқаулықтан бастап партияның соңғы күндеріне дейін құжаттарды пайдалану тиісті лауазымды тұлғаның рұқсатымен ғана мүмкін болды. Нұсқаулық бойынша воевода комитеті қызметкерлері, повят комитеті (ПК) қызметкерлері партиялық құжаттармен танысу үшін басшылықтың жазбаша рұқсатымен ғана жіберілетін. Осындай мүмкіндік ғылыми қызметкерлерге, орталық партиялық баспа өкілдеріне Партия Тарихы бөлімінен жазбаша рұқсатнама негізінде берілетін. Пайдаланушылар алдын ала мақсатымен таныстыруға міндетті болды. Құжаттармен танысу міндетті түрде воевода комитеті ғимаратында архив қызметкерінің қатысуымен жүргізілетін. Тігілген құжаттарды шешуге немес құзыретті партия органдарының рұқсатынсыз көшірме жасауға тыйым салынды. Нұсқаулықта бөлім басшысының физикалық зақымданған құжаттарды беруден бас тартуы туралы қарастырылмаған. Пайдаланушы істің ішіндегі пайдаланушы картасына істі алғаны

және пайдалану мақсаты туралы ақпаратты өз қолымен жазуы тиіс. Архив қызметкері істі берер алдында және қабылдап алғаннан кейін құжаттардың толықтығы мен бүтіндігін тексеруге міндетті болды. Сонымен бірге нұсқаулықта құжаттар зақымданған жағдайдағы әрекеттер толығымен сипатталады. Архивтік дереккөздерді жоспарлы жарияланым жасау да ВК хатшысының рұқсатымен жүзеге асырылатын.

Люблин ВКА оқу залын пайдалану динамикасын келу жиілігі деректеріне негізделген мына көрсеткіштерден көруге болады. 1962 және 1963 жылдары 62 пайдаланушы 292 рет болды. Статистикаға сәйкес бұл жылына 146 рет келуші. 1967 жылы (өткен жылдардағы деректер жоқ) ВКА-не 25 пайдаланушы 145 рет барды. Тағы да келесі бірнеше жыл ішінде деректер қолжетімді емес, өйткені пайдаланушылардың жалпы саны ғана аталды (APL. KW PZPR (II) w Lublinie, ref. no. 4118, sheets 34–35). 1973 жылы ғана қайталанды, содан бері олар 1988 жылға дейін жүйелі түрде құжатталады. Осы кезеңдегі деректер төмендегі кестеде көрсетілген (Charnota, 2019: 276).

1-кесте. 1973-1988 жылдардағы Люблиндегі ВКА оқу залына келушілер жиілігі

Жыл	Келушілер саны	Оқырмандар саны
1973	345	24
1974	125	31
1975	153	59
1976	151	43
1977	128	53
1978	238	64
1979	174	37
1980	178	38
1981	226	37
1982	137	22
1983	102	25
1984	147	36
1985	132	48
1986	148	22
1987	292	25
1988	268	32
Барлығы:	2944	596

ВКА пайдаланушыларының кәсіби құрылымы туралы толық ақпарат жастар партиялары мен ұйымдарына мүшелікке өтініш бергендерді және воеводстволық партиялық

бақылау комиссиясы және воеводство комитетінің жекелеген бөлімдерінің тапсырмаларын орындаушыларды қоспағанда, 1960 жылдардың екінші жартысынан бастап есеп-

ке алына бастады. Төмендегі кестеде осы құрылымның 1967 жылдан 1988 жылға дейінгі кезеңдегі шолуы берілген. Ол ВКА ресурстарын қандай кәсіби топтардың жиі пайдаланғанын

көрсетеді. Соңғы категория, яғни басқалары деген бағанада, мұрағат материалдарын салыстырмалы түрде аз пайдаланатын кәсіп өкілдерін қамтиды.

2-кесте. Люблиндегі ВКА ПБЖП ресурстарын 1967–1988 жылдардағы пайдаланушылардың кәсіби құрылымына шолу

Жыл	Барлық пайдаланушылар	Зерттеуші студенттер	Музей қызметкерлері	Жұмысшылар	Журналистер	ПБЖП қызметкерлері	Басқалар
1967	25	9	8	2	-	6	-
1968	36	4	11	1	5	11	4
1969	25	3	5	-	4	3	10
1970	15	1	5	-	-	9	
1971	20	1	11	-	2	2	4
1972	27	3	9	-	2	9	4
1973	24	6	6	-	3	2	7
1974	31	6	10	2	3	2	8
1975	59	4	6	2	2	38	7
1976	43	4	10	4	-	22	3
1977	53	3	16	3	-	24	7
1978	64	6	5	2	4	35	12
1979	37	5	4	-	1	24	7
1980	38	2	5	-	-	26	5
1981	37	8	8	-	-	20	1
1982	22	4	3	-	-	12	3
1983	25	1	10	-	-	13	1
1984	36	2	11	-	-	21	2
1985	48	5	13	-	-	29	1
1986	22	1	1	-	-	16	4
1987	25	8	2	-	-	13	3
1988	32	4	7	1	-	14	6
Барлығы	744	90	166	17	26	351	94

Оның құрамында мұғалімдер, кеңсе қызметкерлері, кітапханашылар, әскерилер, милиционерлер, директорлар, баспалар, зауыттар мен кәсіпорындардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың белсенділері, зейнеткерлер және белгісіз мектептің екі оқушысы бар. Кестеде келтірілген деректер пайдаланушылардың көпшілігі ПБЖП қызметкерлеріне жататынын анық көрсетеді, олар барлық пайдаланушылардың жартысына жуығын (47%) құрады. Әрине, пайдаланушылардың жалпы санындағы жеке-леген топтардың үлесі жыл сайын әртүрлі болып отырған. Архивті пайдаланушылар арасын-

да партиялық аппарат қызметкерлері санының 1978 жылы артуы ПБЖП-ның 30 жылдығына байланысты болса керек. Партиялық архив ресурстарын пайдаланушылардың ең аз саны 1971 (15 адам) тіркелді, бірақ 1982 жылы 1981 жылмен салыстырғанда бұл сан айтарлықтай төмендегенін де атап өткен жөн 22 адам –40%-ға дерлік азайды, бұл елде әскери жағдай енгізілуіне байланысты болуы мүмкін. Бұл деректер ПБЖП қызметкерлерінің Люблиндегі ПБЖП ВКА ресурстарын пайдаланушының толық бейнесін бермейді.

Сол кезеңдегі Кеңестер Одағының құрамында болған және екінші дүниежүзілік соғыстан

кейін Кеңес Одағының ықпалында болған орталық және шығыс еуропа мемлекеттеріне тән сипат партиялық құжаттарға қолжетімділік мәселесі еді. Архив құжаттарын пайдалануды шектеу немесе нормалау арқылы биліктегі партия қоғамдық сананы, қоғамдық пікірді қалыптастыруды, ғылыми зерттеулерді дұрыс жолға қарай бағыттауды басқара отырып, саяси мүдделерін қорғауға тырысты.

Архив құжаттарына қолжетімділік Люблин ВКА бірнеше онжылдықта архив құжаттарын пайдаланудағы шектеулердің бірте-бірте алынуымен ерекшеленеді. Бұл шектеулердің алынуын архив құжаттарын қолданушылардың қатарында аз да болса партия қатарына кірмейтіндер және басқа партия мүшелерінің пайда болуынан байқауға болады. Архив құжаттарын пайдаланушылардың басым көпшілігі саны бойынша партия аппараты қызметкерлері мен белсенділері болса, екінші орынды әр түрлі университет студенттері, ал үшінші орында зерттеушілер болды. Люблиндегі ВКА келушілер саны жылына 20-дан 60 адамға дейін жетіп отырды. ВКА келушілер саны артуы партия мерейтойларына қатысты іс-шараларға дайындалу жұмыстарына байланысты болса, кемуі 1970 жылғы желтоқсандағы саяси экономикалық дағдарыс және 80-жылдардағы елдегі әскери жаңдай енгізілуімен байланысты болды. Люблиндегі ВКА құжаттарын сырттан келушілерге қол жетімді ету архив жұмыс жасаған 1950-1990 жылдары нормалау принципіне сәйкес жүзеге асырылды. Архивтік құжаттарды пайдалануға рұқсатты воевода комитетінің насихаттау секторына жауапты хатшысы беретін. Бұл ПБЖП имиджі мен жүргізіп отырған саясатына зиян келтіретін ақпараттың таралуына жол берілмейтінін білдіреді. Люблиндегі ВКА пайдаланушылардың зерттеу тақырыптарында негізінен тікелей немесе жанама түрде партия және коммунистік үкімет саясатын дәріптеу басым болды.

Польшада 45 жыл билік партиясы болған ПБЖП жүргізген саясаты елді экономикалық және саяси дағдарысқа алып келді. Елде жұмыссыздық, қымбатшылық, жалақы мөлшерінің аздығы, оппозициялық күштердің қудалануы халық наразылығын туғызды. Соның салдарынан 1989 жылы 4 маусымда болған сайлауда ПБЖП қажетті дауыс жинай алмай жеңіліп қалады. Ал 1990 жылы 29 қаңтарда өткен XI съезінде ПБЖП тарайтыны туралы шешім қабылданып, оның орнына Республикалық Социал Демократиялық Партия құрылады. Осы сайлау мен ПБЖП-ның XI

съезі аралығында және съезден кейінгі алғашқы күндері ПБЖП комитеттері мен архивтерінде партия құжаттарының жойылуы туралы мәселені сол кездегі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарық көреді. Люблиндегі ВКА архив құжаттарын мемлекеттік архивке қабылдау комиссиясының мүшесі болған профессор Янус Лосовский ПБЖП қызметіне қатысты соңғы жылдардағы құпия құжаттардың тек екі сақтау бірлігінің болғандығын айтады. Томас Роджичевич партиялық құжаттардың жойылуы туралы еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген 100 деректік көздерді пайдалана отырып бұл құбылыстың Польшада кең етек жайғанын көрсетеді.

Төртінші ақпан күні «Tygodnik Solidarnosc» апталық газеті «Bialymstoku» қоқыс тастайтын орнында жергілікті партия комитетінің құжаттарын өртегені туралы ақпарат жариялайды, «Kurier Podlaski» газеті бұл ақпаратты жоққа шығарғанымен, ертесіне КПН мүшелері оқиға болған орнынан партиялық құжаттардың қалдығын табады (Losowskiego, Szumily, 2021: 194).

Қорытынды

Осылайша партия басшылығы соңғы жылдардағы оппозицияны қудалауға, халық наразылығын басып жаншуға, саяси қарсыластарын жою және т.б. заңға қарсы келетін әрекеттерін жасыру мақсатында көптеген поляк халқының саяси тарихын зерттеуде маңызы бар құжаттар кешеніне зиян келтірген. ПБЖП-ның мемлекеттік архивтерге өткізілген архив қоры қазір кез келген зерттеушіге қолжетімді. Өлемнің кез келген азаматы бұл құжаттармен интернет желісі арқылы немесе архивке келіп таныса алады.

ПБЖП-ның Люблин воеводалық комитеті архивіндегі партиялық құжаттардың сақталу және пайдалану ерекшеліктерін зерттей келе мынадай қорытынды жасадым:

1. Партиялық құжаттар қағаздарға арналған папкалардың ішінде шашыраңқы түрде сақталады, яғни құжаттар папка мұқабасына тігілмеген. Бұл құжатты пайдаланатын зерттеушілерге құжатты суретке түсірерде немесе көшірмесін жасарда өте ыңғайлы.

2. Мемлекеттік архивке өткізілген партиялық құжаттар зерттеушілердің бәріне бірдей қол жетімді.

3. Кез келген зерттеуші өзімен бірге ұялы телефон немесе фотоаппарат алып кіре ала-

ды және өзіне қажетті құжаттарды ешқандай шектеусіз фотосуретке түсіріп алуына болады. Ал ксерокөшірме жасау ақылы түрде жүргізіледі.

4. Құжаттарды тек медициналық қолғаппен ғана пайдалануға рұқсат берілген.

5. Партиялық және мемлекеттік құпияны сақтаудың жоғарыда аталып өткен төрт түрлі грифі пайдаланылады. Оның ішінде «ерекше маңызы бар құпия» грифі Қазақстан Компартиясы ОК «ерекше папкалар» құжаттар кешеніне ұқсас.

«Ерекше папкалар»	«Ерекше маңызы бар құпия»
«Ерекше папкалар» туралы ешқандай нұсқаулықта ешқандай ақпарат көрсетілмеген	«Ерекше маңызы бар құпия» жоғарғы санатты құпиялық грифі ретінде партиялық құпия құжаттармен жұмыс жасау нұсқаулығында анық жазылған
Қандай құпия құжаттардың берілген грифке жататындығы белгісіз, әрбір партия комитеті «ерекше папкаға» кіретін құпия құжаттарды өзі белгілейді	Нұсқаулықта бұл грифке жататын құпия құжаттар нақты белгіленген
Коммунистік партия тарағаннан кейін «ерекше папкалар» құжаттар кешені» толық Президент Архивінде сақтаулы	1989 жылы сайлауда жеңілген ПБЖП билік партиясынан оппозициялық партияға айналғанға бастап 1990 өзін өзі тарату туралы шешім қабылдағанға дейін көптеген партиялық архивтерде «тазалау» жүргізіледі. Әсіресе соңғы онжылдық ішіндегі көптеген құжаттар жойылады немесе ұрланады

Әдебиеттер

Александра Хмель. (1995). Архивы воеводских комитетов Польской объединенной рабочей партии и их деятельность. Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах центральной и восточной Европы». Стара Весь. С. 93-95.

Дариуш Мательский. (1995). Значение архивных документов ППР и ППС из фонда Государственного Архива в Познани для исследователей по общественно – политической истории Великопольши периода 1945-1948 гг. Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах центральной и восточной Европы». Стара Весь. С. 43-45.

Януш Лосовски. (1995). Акт Сектора Массовых (Выделенных) Организаций ЦК ПОРП в Люблине. Проблема значения источников, их разработки и приобщения. Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах центральной и восточной Европы». Стара Весь. С. 39-42.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 1581. Str. 14-17.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4173. Str. 5-10.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 637. Str. 1-5.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4292. Str. 77-82.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4284, Instrukcja o składnicach akt przy KWPZPR, sheets 1–23.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie, ref. no. 4118, Analiza korzystających z AKW PZPRw Lublinie w latach 1962–1963, sheets 34–35.

Janusz Losowski, Mirosław Szumily. (2021). Archiwa Polskie i Sowieckie w realiach systemu komunistycznego. Instytut Pamięci Narodowej. Warszawa. S. 194-218.

Tomash Charnota. (2019). Access to archival holdings in the archives of the communist Party on the example of the archive of the Voivodship committee of the Polish United Workers' Party in Lublin. Res Historica. №47. p. 276.

References

Alexandra Khmel. (1995). Arhivy voevodskih komitetov Pol'skoj ob'edinennoj rabochej partii i ih deyatel'nost'. Sbornik materialov po mezhdunarodnoj konferencii «Arhivy byvshih kommunisticheskikh partii v stranah central'noj i vostochnoj Evropy» [Archives of the Voivodship Committees of the Polish United Workers' Party and their activities. Collection of materials on the international conference "Archives of the former communist parties in the countries of Central and Eastern Europe"]. Stara Ves'. S. 93-95.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 1581. Str. 14-17.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4173. Str. 5-10.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 637. Str. 1-5.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4292. Str. 77-82.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie (1267), sygn. 4284, Instrukcja o składnicach akt przy KWPZPR, sheets 1–23.

APL. KW PZPR (II) w Lublinie, ref. no. 4118, Analiza korzystających z AKW PZPRw Lublinie w latach 1962–1963, sheets 34–35.

Darius Matelsky. (1995). *Znachenie arhivnyh dokumentov PPR i PPS iz fonda Gosudarstvennogo Arhiva v Poznani dlya issledovatelej po obshchestvenno – politicheskoj istorii Velikopol'shi perioda 1945-1948 gg.* Sbornik materialov po mezhdunarodnoj konferencii «Arhivy byvshih kommunisticheskikh partii v stranah central'noj i vostochnoj Evropy» [Significance of archival documents of the PPR and PPS from the State Archives in Poznań for researchers in the social and political history of Wielkopolska in the period 1945-1948. Collection of materials on the international conference “Archives of the former communist parties in the countries of Central and Eastern Europe”]. *Stara Ves'*. S. 43-45.

Janusz Losowski. (1995). *Akt Sektora Massovyh (Vydelennyh) Organizacij CK PORP v Lyubline. Problema znacheniya istochnikov, ih razrabotki i priobshcheniya.* Sbornik materialov po mezhdunarodnoj konferencii «Arhivy byvshih kommunisticheskikh partii v stranah central'noj i vostochnoj Evropy» [Act of the Sector of Mass (Separated) Organizations of the PUWP Central Committee in Lublin. The problem of the meaning of sources, their development and inclusion. Collection of materials on the international conference “Archives of the former communist parties in the countries of Central and Eastern Europe”]. *Stara Ves'*. S. 39-42.

Losowskiego, Mirosława Szumily. (2021). *Archiwa Polskie I Sowieckie w realiach systemu komunistycznego.* Instytut Pamięci Narodowej. Warszawa. S. 194-218.

Tomash Charnota. (2019). *Access to archival holdings in the archives of the communist Party on the example of the archive of the Voivodeship committee of the Polish United Workers' Party in Lublin.* *Res Historica.* №47. p. 276.

Қыскартылған сөздер

ПБЖП – Поляк Біріккен Жұмысшылар Партиясы

ПОРП – Польская Объединенная Рабочая Партия

ПЖП – Поляк Жұмысшылары партиясы

ПСП – Поляк Социалистік Партиясы

ВК – Воевод комитеті

ВРК – Воеводалық ревизия комитеті

ВТКП – Воеводалық тексеру комитеті

ПХР – Польша Халық Республикасы

ВКА – Воевода Комитеті Архиві

ПК – Повят (аудандық) Комитеті